

## 2021 жылға арналған Ерейментау ауданында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 22 қазандағы № а-10/380 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 27 қазанда № 8095 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18 бабының 1-тармағының 2) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9 бабының 7) тармақшасына, 27 бабының 1-тармағының 2) тармақшасына, "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 болып тіркелген) сәйкес, Ерейментау ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, 2021 жылға арналған Ерейментау ауданында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Н. Ыбыраевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ерейментау ауданының әкімі*

*А.Альжанов*

Ерейментау ауданы әкімдігінің  
2020 жылғы 22 қазандағы  
№ а-10/380 қаулысына  
қосымша

## 2021 жылға арналған Ерейментау ауданында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (%)

1	Ерейментау ауданы әкімдігінің жанындағы шаруашылық жұмысына құқық алған "Жылусервис" коммуналды мемлекеттік кәсіпорны	117	2,6
2	"Капитал-Кастинг" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	24	8,3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК